

15. Zertteý qyzmetindegi bastayysh synyp muǵaliminiń rólin baǵalay / / ǵylym, tehnika jáne bilim salasyndaǵy tanyndyq zertteýlerdiń halyqaralyq jýrnaly (Ijcrsee), Serbia. – 2020. - V. 8. - № 3. – B.29-38. Skopýs (Hirsh indeksi): ISSN: 2334-8496 / Ahataeva ý. b., Amirova A., Sydykova z. e., Karabaeva K. Ý., Daýletaheva D. M., Býlshekbaeva A. I.

МРНТИ 14.25.07

<https://doi.org/10.51889/2021-4.1728-5496.34>

Б.Сайдахметов<sup>1\*</sup> С.А. Фейзулдаева<sup>2</sup> Б.Ж. Бекжанова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан

<sup>3</sup>Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан

## ЦИФРЛЫ РЕСУРСТАР АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ДАМУ

### Аңдатпа

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін цифрлық ресурстар арқылы дамыту мәселелері қарастырылады. Танымдық қабілеттердің генезисі философиялық тұрғыдан талданып, ақыл, зейін, ойлау, интуиция, дискурс т.б. категориялар арқылы көрініс табады. Психологиялық тұрғыдан (зейін, қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиял) білімді қабылдау, игеру, өңдеу және беру үдерістерінен тұратын ақыл-ой әрекетінің ұтымды тәсілдерінің жүйесі ретінде баяндалады. Педагогикалық аспектілерде әр түрлі тапсырмаларды орындаудағы шығармашылық көріністер, ұмтылыстардағы интеллектуалды дамуы деп сипатталады. Танымдық қабілеттерді дамытудың құралы – цифрлы білім беру ресурстары деп танылды. Мақалада цифрлы білім берудің инструментарийлері бейнеленеді. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілет деңгейлерін анықтау бойынша Рудольф Амтхауердің «Қызығушылықтар мен қажеттіліктер тесті» жүргізілді. Нәтижелері өңделді. Қалыптастыру экспериментінде 2-сыныпқа арналған «Таным» бағдарламасының мазмұны талданады. Қалыптастырушы эксперименттің нәтижелерін қорытындылай келе, біз кіші мектеп жасындағы білімнің тәуелсіз дамуы қазіргі мектептің өзекті мәселелерінің бірі деген қорытындыға келдік. Оның өзектілігі оқытудың мазмұнына, оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеу әдістерін қалыптастыру міндеттерін белгілеуге, олардың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыруға байланысты. Барлық жұмыстың нәтижесінде жас оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту үшін сандық ресурстарды пайдалану бойынша жалпыланған тұжырымдар мен нұсқаулықтар беріледі.

**Түйін сөздер:** таным, танымдық қабілеттер, цифрлық контенттер, интуиция, интеллектуалды даму.

Сайдахметов Б.<sup>1</sup>, Фейзулдаева С.А.<sup>2</sup>, Бекжанова Ж.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
г. Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Жетысуский университет имени И.Жансугурова, г. Талдықорған, Казахстан

<sup>3</sup>Кызылординский университет имени Коркыт Ата, г. Кызылорда, Казахстан

## РАЗВИТИЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ ЧЕРЕЗ ЦИФРОВЫЕ РЕСУРСЫ

### Аннотация

В статье рассматриваются проблемы развития познавательных способностей младших школьников через цифровые ресурсы. Проведенный анализ с философской позиции генезиса познавательных способностей показывает, что познавательные способности человека выражаются через категории ума, внимания, мышления, интуиции, дискурса и др. С психологической точки

зрения излагается как система рациональных способов умственной деятельности (внимание, восприятие, память, мышление, воображение), состоящая из процессов восприятия, усвоения, обработки и передачи знаний. В педагогических аспектах творчество при выполнении различных задач характеризуется как проявление интеллектуального развития. Современным и актуальным средством развития познавательных способностей школьников признаны цифровые образовательные ресурсы. В статье отражены инструменты цифрового образования. Был проведен «тест интересов и потребностей» Рудольфа Амтхауера по определению уровней познавательных способностей младших школьников. Результаты были обработаны. В формирующем эксперименте анализируется содержание программы «Познание» для 2 класса. Обобщая результаты формирующего эксперимента, мы пришли к выводу, что самостоятельное развитие познания в младшем школьном возрасте одна из актуальных проблем современной школы. Ее актуальность обусловлена содержанием обучения, обозначением задач формирования у учащихся методов самообразования, формирования у них активной жизненной позиции. В результате всей работы даются обобщенные выводы и методические рекомендации по использованию цифровых ресурсов для развития познавательных способностей младших школьников.

**Ключевые слова:** познание, познавательные способности, цифровой контент, интуиция, интеллектуальное развитие.

*Saidakhmetov B.<sup>1</sup>, Feizuldayeva S.<sup>2</sup>, Bekzhanova Zh.<sup>3</sup>*

<sup>1</sup> *Kazakh national pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan*

<sup>2</sup> *Zhetysu university named after I. Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan*

<sup>3</sup> *Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan*

## **DEVELOPMENT OF COGNITIVE ABILITIES OF YOUNGER SCHOOLCHILDREN THROUGH DIGITAL RESOURCES**

### *Abstract*

The article deals with the problems of developing cognitive abilities of younger schoolchildren through digital resources. The genesis of cognitive abilities is philosophically analyzed and expressed through the categories of mind, attention, thinking, intuition, discourse, etc. Psychologically (attention, perception, memory, thinking, imagination) is presented as a system of rational ways of mental activity, consisting of the processes of perception, assimilation, processing and transfer of knowledge. In pedagogical aspects, creativity in the performance of various tasks is characterized as manifestations, intellectual development in aspirations. Digital educational resources are recognized as a means of developing cognitive abilities. The article will reflect the tools of digital education. Rudolf Amthauer's "interests and needs test" was conducted to determine the levels of cognitive abilities of younger schoolchildren. The results have been processed. In the formative experiment, the content of the "Cognition" program for the 2nd grade is analyzed. Summarizing the results of the formative experiment, we came to the conclusion that the independent development of cognition in primary school age is one of the urgent problems of modern school. Its relevance is due to the content of training, the designation of the tasks of forming students' methods of self-education, the formation of their active life position. As a result of all the work, generalized conclusions and methodological recommendations on the use of digital resources for the development of cognitive abilities of younger schoolchildren are given.

**Keywords:** cognition, cognitive abilities, digital content, intuition, intellectual development.

**Кіріспе.** Бүгінде бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктері, олардың табиғи қызығушылығы, жауаптылығы, жаңа нәрсені игеруге ерекше ықыласы, мұғалім берген барлық нәрсені қабылдауға дайын болуы танымдық белсенділікті дамытуға қолайлы жағдай жасайды. Қазіргі уақытта педагогикалық теория мен практикада оқушылардың зерттеу қызметі білімді шығармашылықта игеруге ықпал ететін оқытуды ұйымдастыру негізінде дамытуды көздейтін жеке тұлғаға бағытталған білім беру парадигмасын жүзеге асырудың бір құралы ретінде цифрлық білім беру ресурстары қарастырылады.

Бұлай деуге толықтай негіз бар: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы; «Интеллектуалды ұлт -2020»; «Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы»; Елбасының жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдаулары жүзеге асырылып, білім беру ісінде субъективті идеяларымыздың қолданысқа түсуіне толықтай мүмкіндік беріп отыр.

Осы маңызды құжаттардың ішінде, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: білім беру жүйесінің (11-бап) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» - деп міндеттерді шешудің тетіктерін табуды ұсынады [1]. Жоғарыда көрсетілген нормативтік құжаттардағы міндеттерді шешудің нәтижесі білім алушылардың танымдық қабілеттерін бүгінгі заман талабы бойынша дамытуды көздейді. Сөздің тұрасы, білім мазмұнын түсіндіруде цифрлық білімдегі негізгі инструментарийлердің қамтамасыздандырылуына жол ашады. Бұл әсіресе, бастауыш сыныптан бастап, білім мазмұнына терең ендірілетін болса, онда бастауыш сынып оқушыларының әртүрлі пәндік білімде танымдық қабілеттері іске қосылады, дамиды, өнімнің негізгі сипатын түсінеді.

Ендеше біз, бүгінгі ұсынып отырған мақаламызда соңғы жылдары білімдегі үдерістер өз қарқынымен әсер етіп, әлемдік «COVID-19» індетінің күшеюі білім саласын түбегейлі өзгерістерге ұшыратқандығын негізге аламыз. Осы ретте Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «COVID-19 пандемиясы кезеңінде білім беру үдерісін ҚОТ-на көшіру кезінде білім сапасын қамтамасыз етудің қосымша шаралары туралы» № 135 бұйрығына сай цифрлық білімнің теориясы мен әдістемесін меңгеру міндеттеле келе, ақпараттық ортада білім алушыларға өздерінің білімдік түсініктерін тереңдетіп, ақпараттық білім ресурстарымен жұмыс жасау жолдарын және білімдік ақпаратты бір жүйеге түсіру заңдылықтарын, өзіндік даму траекториясына сай танымдық ағарту жұмыстарын жасақтау алға шығарылды [2].

Бастауыш сыныптарда шығармашылық тұлғаны қалыптастыру – білімді жаңғырту тұжырымдамасында жарияланған басты міндеттердің бірі. Оны жүзеге асыру баланың *танымдық қызығушылықтарын, қабілеттері мен мүмкіндіктерін* дамыту қажеттілігін талап етеді. Бұл ретте ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау өзекті болып отыр. Сондықтан мақалада *бастауыш сыныптарда цифрлық білім ресурстары, таным, танымдық қабілеттілікті дамыту* сынды бірқатар ғылыми түсініктердің бірнеше қырлары бойынша талдайтын боламыз.

**Зерттеу әдістері мен материалдары.** Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттіліктерін цифрлық білім ресурстары арқылы дамыту педагогикалық бірнеше әдістер арқылы орындалады. Атап айтсақ, теориялық негіздеу бойынша: жалпылау (анализ, синтез), дедукция, индукция, контент-талдау, салыстыру, құрылымдау, модификациялау т.б.; ал эмпирикалық: диагностика, бақылау, сандық өңдеу т.б. қарастырылады.

Әдеттегідей, «таным» түсінігінің генезисі адамзат баласы пайда болғаннан бастап, философиялық зерттеулерде, психологиялық зерттеулерде және педагогика саласында бірнеше атрибуттармен өрнектеледі. Ең алдымен, «таным», «танымдық қабілет» түсініктерін философиялық тұрғыда талдауды жөн көреміз.

Ежелгі антикалық дәуірде философия дүниеге келді, философиямен **диалектикалық күш** пайда болды және **«терістеуді терістеу»** уәждемелік ой айналымға түсті. Сол заманда адамзат баласына қатысты Пифагор айтқандай «Дүниені сандар билейді» деген философиялық ойы енді «Дүниені таңбалар билейді», ал Галилейдің «Бәрі де өлшеулі болуы керек» деген тезисі енді «Бәрі де белгіленген болуы керек» деген бүгінгі цифрлық білім арқылы білім мазмұнын модельдеудің негізгі тезисіне айналды. Бұл философиялық тұрғыдан алғанда ескі мен жаңаның жалғасы мен қарама-қайшылығы деуге келеді, алайда өз кезегінде адамның танымының шарықтау шегін көрсетері анық [3].

Танымдық қабілеттер деңгейі – бұл **ақыл-ойға жүктеме, күшейтілген қажеттілігі бар иррационалды идеялар** деуге келеді. Бұл тұрғыда философ Аврелий Августиннің есімімен байланысты ортағасырлық **патристика** маңызды рөл атқарды. Философияның құрылуымен

(«сенудегі таным философиясы») және грек философиясы құндылықтарының құлдырауымен байланысты. Оның философиясының ұстанымы: «Мен тануға сенемін» болып табылады [4].

Артур Шопенгауэр – неміс философы, панволюнтарист, философияны адам өміріне пайдалы ету үшін өзінің негізгі міндеті деп санады. Философтың негізгі тұжырымы: «...адам өмірінің ұтымдылығы идеясын және мәңгілік шындықтарды табу туралы талаптардың негізсіздігін сынға ала отырып, ол рационализмнің шектерін белгілейді, адамның логика арқылы күрделі терең құбылыстардың мәніне ене алмайтындығын мәлімдейді. Шопенгауэр адамның мәнін ақылмен емес, ерік-жігермен байланыстырады. Ал оның ойынша, **таным – ерік-жігердің сапасы** болады [4, 279 б.].

Фридрих Ницше – «Таным Донжуаны», өйткені оны ақиқатқа ие болу емес, ақиқатты іздеу, қудалау және игеру үдерісі алаңдатты. Ницше философияда шындыққа деген сүйіспеншілік емес, *ерік-жігерді* білуге шақырды. Ерік-жігерді адамның іс-әрекетін анықтайтын адам өмірінің инстинктивті жағы ретінде зерттей отырып, ол инстинкте философияның шабыттандыратын данышпандығын көреді. Байқап отырғанымыздай, Ницшенің пікірінше, философияның міндеті – *өзін-өзі тану*: философ әрдайым өзін-өзі танумен айналысуы керек, ол мезгіл-мезгіл өзін жоғалтып, содан кейін қайтадан табуы керек. Ницше философиясы – бұл өзінің шығармашылық үдерісінде өткен (Заратустра), содан кейін қазіргі (данышпан), содан кейін болашақта идеалды іздеген күшті адамға арналған әнұран [4, 375 б.].

Философияда танымды оқыту бізге бірнеше маңызды категорияларды белгілеп береді. Олар: **дискурс, ақыл, интуиция, ойлау т.б.** Аталмыш категориялардың танымға қатынасын талдап өтейік.

*Дискурс* – белгіліден белгісізге дейінгі қадамдар бойынша ұтымды қозғалыс. Ал, белгіліден белгісізге өту кезеңінде танымның пайда болуы, жүзеге асуы шартты.

*Ақыл (диалектикалық ойлау)* – **танымның ең жоғары деңгейі**, ол абстракциялардың шығармашылық жұмысымен және өз табиғатын саналы зерттеумен сипатталады (өзін-өзі көрсету). Ақыл-ойдың негізгі міндеті – әртүрлілікті біріктіру, қарама-қайшылықтарды синтездеу және зерттелген құбылыстардың негізгі себептері мен қозғаушы күштерін анықтау. Диалектика ақылының логикасы, білімнің қалыптасуы мен дамуы туралы ілім, ал таным олардың мазмұны мен формасының бірлігінде дамиды.

*Интуиция* – бұл дискурсивті шығарусыз жаңа білімнің қалауы. Баладағы жаңа білім дұрыс қабылдануы үшін танымның рөлі маңызды.

*Ойлау* – өзара байланысты абстракциялар арқылы шындықты бейнелеу тәсілдері, олардың ішінде бастапқы ұғымдар, пайымдаулар және тұжырымдар болады. Олардың негізінде танымның неғұрлым күрделі формалары – *болжамдар, теориялар, тәжірибелік дағды* құрылады.

Бастауыш сынып оқушыларындағы танымдық қабілеттерді дамытудың философиялық көрінісі «таңбалар билейді, сандар сөйлейді, ақыл-ой жүктемесі, таным-ерік-жігер сапасы, өзін-өзі тану т.б.» категорияларды сипаттайды. Мұндағы таңбалар, сандар сөйлейді деп тұспалдап отырғаны, бүгінгінің ресурстық білім беру мазмұнына саяды, ал ол өз кезегінде тұлғаның танымдық қабілеттерін дамытады. Ендеше біз, танымдық қабілетті дамытудағы негізгі құрал деп танитын цифрлы білім ресурстарының инструментарийлері жайлы түсіндіріп өтейік.

Цифрлық білім ресурстары – бұл жаңа ақпараттық технологиялар бойынша білім мазмұнындағы берілетін тапсырмаларды әзірлеу және пайдалану теориясы мен практикасына оқыту және тәрбиелеу мақсаттарын іске асыру құралы.

Өз кезегінде, білім беруде цифрлы ресурстарды дайындап енгізудің инструментарийлерін 1-суретте ұсынамыз.



Сурет 1. ЦББ-дің инструментарийлері

1-суреттен байқап отырғанымыздай, бастауыш сыныптарда оқу үдерісін ұйымдастыру ЦББ-ның инструментарийлеріне сүйенеді. Атап айтсақ:

- цифрлық ресурсты танымдық қабілеттілікті дамыту құралы ретінде пайдалану оқыту үдерісін жетілдіреді, оның сапасы мен тиімділігін арттырады;
- ЦББ ресурстары арқылы оқыту, өзін және шындықты тану құралы ретінде пайдаланылады;
- ЦББ ресурстарын пайдалану білім алушының шығармашылық даму құралы ретінде;
- ЦББ ресурстары пайдалану негізінде коммуникацияларды ұйымдастыру педагогикалық тәжірибені, әдістемелік және оқу әдебиетін беру, алу мақсатында қолданылады;
- ЦББ ресурстары бос уақытты ұйымдастыруға бағытталған;
- ЦББ ресурстары арқылы оқу үдерісін басқаруды күшейту және жетілдіру, қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар жүйесін пайдалану негізінде оқу үдерісі [5].

Талдай көрсетіп отырғанындай, бастауыш сыныптарда оқушылардың танымдық қабілеттілігін дамытудың цифрлық білім беру ресурстарымен байланыстылығы жоғары. Алайда, басымдық бастауыш сынып оқушысының қабылдау қабілеттілігіне байланысты болмақ. «Қабілет» ұғымы – психологиядағы ерекше категориялардың бірі.

Қабілеттер – тұлғаның жеке-психологиялық қасиеттері, олардың практикалық, ғылыми және оны жүзеге асырудың сәттілігін қамтамасыз ететін көркемдік қызмет.

«Танымдық қабілет» түсінігінің психологиялық аспектілеріне талдау жасауда, біз аталмыш ұғымның көпқырлылығын аңғардық


*Танымдық қабілет* – бұл балалардың негізгі қызметі, ол баланың интеллектуалды дамуы үшін үлкен маңызы бар оның айналасындағы әлем туралы білімін нақтылау. Танымдық белсенділік баланың белсенділігін, оның білімге деген құштарлығын қамтамасыз етеді.

Шынайы және қуанышты ілім тұлғаның ақыл-ой еңбегінің мәдениеті негізін құрайтын оның жақсы қалыптасқан танымдық қабілеттерінсіз (зейін, қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиял) қабылдауы мүмкін емес – бұл, ең алдымен, білімді қабылдау, игеру, өңдеу және беру үдерістерінен тұратын ақыл-ой әрекетінің ұтымды тәсілдерінің жүйесі.

Танымдық қабілеттілікте бейне – бұл психологияның негізгі категориясы. Бейне категориясы кез-келген танымдық актілердің соңғы пунктісі, әрі нәтижесі. Кең мағынада «бейне» деп қандай да бір (абстрактілі-логикалық) білімдік материалды бейнелеудің субъективтік формасы қарастырылады. Ал тар мағынада «бейне» сөзі бейнелеудің, графикалаудың, сенсорлық (түйсіну бейнесі, қабылдау, жүйелі бейне т.б.) немесе квазисенсорлық табиғаты бар (ес бейнесі, қиял, галлюцинация т.б.) сезімдік формасын білдіруде қолданылады. Тұлғаның таным үдерістері сферасының интегралдық конструкторы ретінде әлемнің тұтас бейнесі – «адамның әлем туралы түсінігінің көп деңгейлі жүйесі, басқалар туралы өзіне және өзінің іс-әрекетіне қатынасы» [6].

Кез-келген таным үдерісінің нәтижесінде жаңа элементтермен толыққан модификацияланған әлем бейнесі жасалады. «Әлем суреті», «әлем бейнесі», «универсиум моделі» түсініктері психо-

логияда бұрыннан кеңінен қолданылады. Бірақ, мұнда әлемнің суретіне қатысты жеке заттар мен құбылыстардың жиынтығы алынады. Мұндай интерпретациядағы әлем бейнесі біздің түсінуімізде пайда болып, тұлғаның таным үдерісінің толық интегралдық аймағы ретінде эволюциялық өзгеріске түсіп отырады [7].



Сурет 2. Таным үдерісінің элементтері

Осы уақытқа дейін таным психологиясы туралы көптеген зерттеулерде қабылдаған объектінің бейнесін құру үдерісін сипаттауда таным үдерісінің функционалдық құрылымының стимулдық парадигмасы қабылданады. Бұндағы адамдағы қоршаған актуалды бейне белсенді болмай, реактивті (рефлекторлық) сипатта болып, мынадай сәттерден құралады:

- тұлғаның ойлауына әсер ететін стимуляцияның сезімдік әсерінің түрлі модалдығына қарай іріктелуі және түзілуі;

- заттың тұтас бейнесінің түйсікке келуі есебінен алынып жинақталатын: бұл түйсікке сол заттың бұрын сезім органдарына өзекті әсермен қосылуы;

- сезімдік бейнені пайдалану (жалпылау, категоризациялау, абстракциялау т.б.) түрлі мәндік өңдеуден өтеді [8].

Бірқатар авторлардың жалпы ұстанымы бірыңғайлықты білдіреді.

Мәселен, Т.К. Улькина өзінің зерттеулерінде танымдық қабілеттерді келесідей қарастырған: «...баланың өзіне тән кіріктірілген негізгі қабілеттері келесі компоненттер: **интеллектуалды даму** деңгейі (ақыл-ой, мнемоникалық, перцептивті компонент); **баланың жалпы білім алу** деңгейі; **баланың бірегей іздеу қабілеті мен бейімділік** деңгейі шығармашылық міндеттерді табысты шешуге; жүйелі мінез-құлық ретінде белсенділік – танымдық қабілеттердің көрінісі, бұл көрініс баланың қызығушылығы [9]. Жалпы сипатталатын танымдық қабілеттер *ақыл-ой белсенділігі, ақыл-ой кернеуіне бейімділік, айқын экспрессивтіліктің айқын дәрежесі, оңай жұмыс істей білу логикалық операциялар-жүйелеу, жіктеу, жалпылау, әр түрлі тапсырмаларды орындаудағы шығармашылық көріністер, ұмтылыстар* үлкен орын алады.

Адамның танымдық қабілеті-бұл танымдық үдерістердің жақсы дамыған қасиеттері, сонымен қатар проблемалар мен міндеттерді сәтті шешу үдерісінде кездесетін және дамитын интеллект. Осы орайда Ш.Т. Таубаева өзінің еңбектерінде танымды интеллектуалдылықпен бірге қарастырады, бұл – тұлғаның интеллектуалды даму деңгейі, шығармашылық мүмкіндігі, елдің ресурстары, салаларындағы кешендік ерекшеліктер деген тұжырымға келеді. Автордың зерттеулерін екі аспектіде қарастыра-

мыз, яғни білімді меңгеруші адамның танымдық және қайта жасаушы қызметке бағытталатын жиынтығы; қоғамның мақсатқа жету жолдары арқылы жүйенің материалдық-техникалық формасы мен таңбалық жүйесі, мәдени білімі, әлеуметтік, техникалық, ғылыми жиынтығы деп қарастырылады [10].

А.К. Мыңбаеваның еңбектерінде адамның шығармашылық мүмкіндіктері танымдық және түрлендіргіш қызметке бағдарланғанын байқаймыз, сондай-ақ; қоғамның мақсаттарына қол жеткізу құралы болып табылатын материалдық-техникалық нысандар мен таңбалы жүйелерде мазмұндалған ғылыми, техникалық, әлеуметтік, мәдени білім жиынтығы ретінде деп көрсетеді. Бұл өз кезегінде танымның дамуындағы басты құралы цифрлы білім ресурстары екендігіне көңіл бөледі [11].

Сонымен, педагогика және психология шеңберінде: **«танымдық қабілеттер – интеллектуалдық және баланың танымдық қабілеттеріне негізделген сенсорлық және танымға тікелей қатысы бар және әлемнің қызығушылығы»**. Танымдық құрылымда ең алдымен оқушы қабілетті иеленеді, мысалы құрастыра білу бейнелерін көрсететін қасиеттері мен олардың жалпы құрылысы, бөлшектердің немесе негізгі заттардың белгілері мен жағдайлары болып саналады т.с.с.

**Зерттеу нәтижелері.** Көптеген ғалымдардың зерттеулері білім беру бағдарламаларында оқушылардың ақыл-ой мен танымдық іс-әрекеттің тиімді әдістерін игеруіне арнайы уақыт қажеттігін растады. Оқушының танымдық қабілеттерін дамытудың басым бағыттары логикалық ойлауды дамыту (қалыптастыру), білімді саналы қабылдауға және өнімді игеруге ықпал ететін шығармашылық ойлауды жетілдіру болып табылады.

Баланың жеке қызығушылығын дамытуға, оны мақсатты зерттеу қызметіне айналдыруға деген ұмтылысын дамыту қажеттілігі туралы идеяны айту керек, бұл өз кезегінде жеке тұлғаның тұрақты зерттеу позициясын қалыптастыруға әкеледі. Балаға танымдық стратегия жасалынған бастауыш сыныптан бастап зерттеу позициясын қалыптастыруға көмектесу керек, сонымен қатар әр түрлі іс-әрекеттегі танымдық белсенділік (мысалы, ойын, зерттеу, қарым-қатынас) ерікті және саналы түрде басқарылатын болады.

Біз, мақаламыздың мазмұнында И.Я. Лернердің «Танымдық тәуелсіздігі» атты «оқушылардың мақсатты шығармашылық ізденіс үдерісінде қалыптасқан ұмтылысы мен білім алу қабілеті» тұжырымын негізге аламыз. Бастауыш сынып оқушысының сабақта бейнелік (ЦББР) көріністері танымдық дербестігін дамытудың шешімі болып табылады. Бұл тұста оқушылардың танымдық міндеттердегі проблемасын шешуге, өз бетінше шешім беруге әкеледі, танымдық тапсырмалар «Танымдық тәуелсіздігінің» көрінісі ғана емес, сонымен бірге оны қалыптастырудың педагогикалық құралы [12].

Зерттеулер көрсетіп отырғанындай, бастауыш сынып оқушыларындағы танымның тәуелсіз дамуы мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарының дұрыс жолға қойылуынан бастау алады.

Бастауыш сыныптағы пәндерді оқытуда цифрлық білім ресурстарын қолданудың маңызы жоғары. ЦББР өз инструментарийлеріне сай баланың таным құралы болады. Танымның тәуелсіз даму іс-әрекеті – балалардағы оқу іс-әрекетінің психологиялық негізі, яғни сол күнгі сабақтағы өткізілетін материалға қызығушылық тудырады.

Бастауыш мектептегі сабақтарда дайын үлгілерде орындалатын тапсырмалардың нақты салмағы едәуір. Мұғалімдер орындалатын тапсырмалар санына ерекше назар аударады, бұл оқушылардың ғылыми білім негіздерін саналы және берік игеруі және оқуға деген құштарлықты қалыптастыру мәселелерін шешіп қана қоймайды, сонымен қатар оқушылардың айтарлықтай жүктемелеріне әкеледі, тіпті тәуелсіз оқу іс-әрекетіндегі өнімді түрлерінің арқасында оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ұзақ уақыт сақтауға болады. Біз, бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін дамытуды цифрлық ресурстар арқылы, оның ішінде «*Learningapps.org*» бағдарламасымен жұмыс жасауды ұсынар едік. Себебі, бүгінгі You Tobe желісіне жүктелген бастауыш білімге арналған цифрлы контенттердің басым бөлігі «*Learningapps.org*» бойынша құрасытырылып отыр. Бұл бағдарламаның тиімділігі:

- оқушының өз бетімен жұмысы;
- аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;

- білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
- шығармашылық жұмыстар жасау ;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен, яғни танымдық қабілеттердің дамуы жағдайында әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі;
- оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

«*Learningapps.org*» бағдарламасымен дайындалған цифрлық контенттерді сабақта пайдалану оқушының көптеген жеке қасиеттерін, мысалы, жинақылық, шыдамдылық, ұқыптылық, байқау, шығармашылық, парасаттылық, тәуелсіздік танымдық, сөздері мен іс-әрекеттері үшін жауапкершілік, коммуникативтілік және т.б. оқыту мен тәрбиелеудің мотивациясын арттыруға (қалыптастыруға), танымдық қабілетінің жоғарылауында оң нәтиже беруде. Баланың танымдық қабілетін диагностикалауда мұғалімдер арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық, мотивациялық, лидерлік, шығармашылық аймақтары бойынша сипатталып бағалауға құрылады.

**Талқылау. Нәтижелерді өңдеу.** Біз, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды ұйымдастыруда тиімді әдістемелердің келесі бір түрі бойынша қысқаша тоқталып өтуді жөн санаймыз. Сондай-ақ бұл бастауыш сынып оқушыларының танымдық деңгейін анықтауға байланысты жүргізілді. Ең алдымен, баладағы білімді қабылдауы, зейін қоюы т.б. әрекеттердің барысын анықтау жолға қойылды.

Қазіргі уақытта кеңінен қолданылатын және балалардың интеллектуалдығын құрылымдауда ең танымал интеллектуалды тесттердің бірі - Рудольф Амтхауердің «**Қызығушылықтар мен қажеттіліктер тесті**». Ол 1953 жылы құрылған (соңғы редакциясы 1973 ж. жарыққа шықты). Тест кез-келген жастағы адамдардың қандай да бір бағыттарда интеллектуалды даму деңгейін анықтауға арналған.

Тест жақсы әдіснамалық көрсеткіштермен ерекшеленеді: тестілік коэффициент сенімділігі (интервал 1 жыл); паралельді формалар сенімділігінің коэффициенті – 0,95, тест бөлімдерінің сенімділігі коэффициенті («расщепление» әдісі бойынша) – 0,97; үлгерім байланысы бойынша анықталатын валидтілік – 0,46, интеллектуалды даму деңгейін эксперттік бағалау валидтілігі – 0,62. Тест, біріншіден, жалпы қабілеттіліктер деңгейін кәсіби психодиагностика мәселесімен байланысты диагностикалау тесті ретінде өңделді.

Тесті құру кезінде Р. Амтхауер біртұтас екі құрылымында арнайы құрылым болып табылатын ерік және эмоционалды сфера, танымдылыққа қатысымды қызығушылықтар және қажеттіліктерге негізделген тұжырымдамаға жүгінді. Р.Амтхауер тестке бірнеше компоненттерді диагностикалауға арналған тапсырмаларды енгізді.

Тест бірнеше бөлімнен тұрады. Олардың әрқайсысы интеллекттің түрлі қызметтерін анықтауға бағытталған. Ескерту: барлық бөлімдегі тест тапсырмалары тек педагогтің жетекшілігімен орындалуы тиіс. Тест бөлімдерінде берілетін тест тапсырмалары танымдық белсенділікті қалыптатсыруға тиісті деңгейлерді анықтау жолында қызмет атқарады. Бірақ біз, өзіміздің зерттеу мәселеміздің сәйкес келетін бөліміне тоқталдық.

Кесте 1 - Рудольф Амтхауердің «Қызығушылықтар мен қажеттіліктер тесті»

Тест бөлімінің атауы	Функциялары	Тапсырмалар саны	Орындау уақыты
«Логикалық іріктеу»	Баланы ойлауға, ассоциациялық зерттеуге жетелейді. Зерттеушінің міндеті – келтірілген заттардың бірімен сөйлемді	20	6 минут.



	аяқтау.		
«Жалпы белгілерді анықтау»	Вербальды түсініктерді абстракциялау қабілеттілігін зерттеу.	5 сөзден және 5 зат атауы беріледі, ал олардың 4-де белгілі мағыналық байланыс бар да, ал 1-еуі артық.	6 минут
«Аналогтар»	Комбинаторлы қабілеттіліктерді талдау	3 сөзден тұрады.	7 минут
«Классификация»	Ой-пікірін шығара алу қабілеттілігі. Зерттелуші 2 сөзді жалпы түсінікпен белгілеу керек.	16	8 минут
«Оқиғалар қатары»	Индуктивті ойлауды талдау, анықтауға арналған.	20 тапсырмадан сөйлемдер қатар заңдылығын тауып, оны жалғастыру қажет	10 минут
«Сөздерді есте сақтау»	Зейін аудару мен оны есте сақтау қабілетіне арналған тапсырмалар болып табылады.	Заттардың түрлі топтарына жататын сөздер қатарын тауып, ал кейін оперативті ес қасиетін пайдаланатын тапсырмаларды орындау қажет.	Есте сақтау уақыты - 3 мин. Орындау уақыты – 6 мин.

Барлық тапсырманы орындаудың таза уақыты – 80 мин. Әр дұрыс орындалған тапсырмалар үшін 1 балл қойылады. Субтест бойынша балдар суммасы – біріншілік субтесттік бағалау. Әр субтест бойынша біріншілік бағалау шкалдык бағаға ауыстырылады. Осылай, танымдық қабілет құрылымын бөлек топ тапсырмаларын шешу профилі бойынша сипаттауға болады.


Тест ұйымдастыру респонденттердің нәтижелері арнайы кілтпен өңделеді және тесттің эксперименталды-психологиялық зерттеу жұмысынан алынған нәтижелері статистикалық өңдеуге салынады. Тест 9 тараудан тұратындықтан, 9 баған бойынша ұпайлардың жалпы саны шығарылады. Одан кейін зерттелінушілер бойынша мына формуламен арифметикалық орташасы алынады. Мұндағы,  $x$  – барлық балдардың жалпы саны  $N$  – респонденттер саны. Балалардың танымдық белсенділігінің қалыптасуы және мектептегі оқуға бейімделу және танымдық қабілеттілігінің психодиагностикасы, олардағы деңгейді анықтау мақсатында жүргізіледі. Диагностиканың алғашқы мәні балалардың оқуға дағдыларын және оның танымдық қабілеттерін анықтайды. Осылай, интеллектуалды қабілеттілік пен креативтіліктің арақатынасы жөнінде бірдей пікір жоқ. Бірақ бұл мәселе дарынды балалармен жұмыс жасаудың теориясы мен практикасында қызығушылық туғызып отырғаны күмәнсіз. Бұл әдістемені пайдалануда тәжірибелік жұмыстың ұзақтығы 2020-2021 оқу жылының қыркүйек-желтоқсан айлары аралығын қамтыды.

Анықтау эксперименті бойынша бастауыш сынып оқушыларының танымдық деңгейлерін анықтауда Р. Амтхауердің «Қызығушылықтар мен қажеттіліктер тестінің» нәтижелерін ұсынамыз.

Кесте 2 - Айқындау экспериментіндегі бақылау және эксперимент топтарында Р. Амтхауердің «Қызығушылықтар мен қажеттіліктер тестіндегі» Логикалық іріктеу(ассоциациялық зерттеу) бөлімінің нәтижелері

Шкалалар	Логикалық іріктеу(ассоциациялық зерттеу)					
	Жоғары деңгей		Орташа деңгей		Төмен деңгей	
	n	%	n	%	n	%
БТ(51)ЭД	19	37,2	18	35,2	14	27,4
ЭТ(62)ЭД	22	35,4	16	25,8	24	38,7

Сауалнама жүргізу шкалаларға сәйкес төрт көрсеткішті өлшеуге мүмкіндік туғызды. Айқындау экспериментіндегі Р.Амтхауердің «Қызығушылықтар мен қажеттіліктер тестіндегі» Логикалық іріктеу(ассоциациялық зерттеу) бөлімінің нәтижелері бойынша талдауларды жүргізуді жөн санаймыз. БТ-да 51 зерттелуші, ЭТ-да 62 зерттелуші қатынасты. «Логикалық іріктеу» – баланы ойлауға, ассоциациялық зерттеуге жетелейді дейтін болсақ, мұндағы БТ-да жоғары деңгей – 19, орташа деңгей – 18, төмен деңгей- 14 зерттелуші анықталса, пайыздық көрсеткішінде ЖД-37,2%, ОД-35,2%, ТД-27,4% құрап отыр. Ал енді эксперимент тобында ЖД-22, ОД-16, ТД-24 зерттелуші көрсетілсе, оның пайыздық көрсеткіші ЖД-35,4%, ОД-25,8%, ТД-38,7% құрайды.




Сурет 3. Айқындау экспериментіндегі бақылау және эксперимент топтары бойынша Р.Амтхауердің «Қызығушылықтар мен қажеттіліктер тестіндегі» Логикалық іріктеу(ассоциациялық зерттеу) бөлімі нәтижелерінің диаграммасы

Кесте 3. – Айқындау экспериментіндегі бақылау және эксперимент топтары бойынша Р.Амтхауердің «Қызығушылықтар мен қажеттіліктер тестіндегі» Жалпы белгілерді анықтау (вербальды түсініктерді абстракциялау) бөлімінің нәтижелері

Шкалалар	Жалпы белгілерді анықтау(вербальды түсініктерді абстракциялау)					
	Жоғары деңгей		Орташа деңгей		Төмен деңгей	
	п	%	п	%	п	%
БТ(51)ЭД	17	33,3	18	35,2	16	31,3
ЭТ(62)ЭД	23	37,0	16	25,8	23	37,0

Айқындау экспериментіндегі Р.Амтхауердің «Қызығушылықтар мен қажеттіліктер тестіндегі» Жалпы белгілерді анықтау(вербальды түсініктерді абстракциялау) бөлімінің нәтижелері бойынша талдаулар жүргізілді. БТ-да 51 зерттелуші, ЭТ-да 62 зерттелуші қатынасты. «Жалпы белгілерді анықтау» – тану арқылы танымдық белсенділікті қалыптастыруда түсініктерді абстракциялау қабілеттілігін зерттеу. Мұндағы БТ-да жоғары деңгей – 17, орташа деңгей – 18, төмен деңгей – 16 зерттелуші, пайыздық көрсеткішінде ЖД-33,3 %, ОД-35,2%, ТД-31,3% құраса, эксперимент тобында ЖД-23, ОД-25,8, ТД-23 зерттелушіні көрсетсе, оның пайыздық көрсеткіші ЖД-37,0%, ОД-25,8%, ТД-37,0% құрайды.




Сурет 4. Айқындау экспериментіндегі бақылау және эксперимент топтары бойынша Р.Амтхауердің «Қызығушылықтар мен қажеттіліктер тестіндегі» Жалпы белгілерді анықтау (вербальды түсініктерді абстракциялау) бөлімі нәтижелерінің диаграммасы

Кесте 4 – Айқындау экспериментіндегі бақылау және эксперимент топтары бойынша Р.Амтхауердің «Қызығушылықтар мен қажеттіліктер тестіндегі» Классификация (ой-пікірін шығара алу қабілеттілігі) бөлімінің нәтижелері

Шкалалар	Классификация (ой-пікірін шығара алу қабілеттілігі)					
	Жоғары деңгей		Орташа деңгей		Төмен деңгей	
	n	%	n	%	n	%
БТ(51)ЭД	15	29,4	24	47,05	12	23,5
ЭТ(62)ЭД	21	33,8	26	41,9	15	24,1

Айқындау экспериментіндегі Р.Амтхауердің «Қызығушылықтар мен қажеттіліктер тестіндегі» Классификация (ой-пікірін шығара алу қабілеттілігі) бөлімінің нәтижелері бойынша талдаулар жүргізілді. БТ-да 51 зерттелуші, ЭТ-да 62 зерттелуші қатынасты. Сауалнамадағы классификация – бұл баланың өз ой-пікірін шығара алу қабілеттілігін көрсетеді. Мұндағы БТ-да жоғары деңгей – 15, орташа деңгей – 24, төмен деңгей- 12 зерттелуші, пайыздық көрсеткішінде ЖД-29,4%, ОД-47,05%, ТД-23,5% құраса, эксперимент тобында ЖД-21, ОД-26, ТД-15 зерттелушіні көрсетсе, оның пайыздық көрсеткіші ЖД-33,8%, ОД-41,9%, ТД-24,1% құрайды.




Сурет 5. Айқындау экспериментіндегі бақылау және эксперимент топтары бойынша Р.Амтхауердің «Қызығушылықтар мен қажеттіліктер тестіндегі» Классификация (ой-пікірін шығара алу қабілеттілігі) бөлімі нәтижелерінің диаграммасы

Кесте 5 – Айқындау экспериментіндегі бақылау және эксперимент топтары бойынша Р.Амтхауердің «Қызығушылықтар мен қажеттіліктер тестіндегі» «Аналогтар» (комбинаторлы қабілеттілік) бөлімінің нәтижелері

Шкалалар	Аналогтар (комбинаторлы қабілеттілік)					
	Жоғары деңгей		Орташа деңгей		Төмен деңгей	
	n	%	n	%	n	%
БТ(51)ЭД	18	35,2	24	47,0	12	23,5
ЭТ(62)ЭД	24	38,7	26	41,9	15	24,1

Айқындау экспериментіндегі Р.Амтхауердің «Қызығушылықтар мен қажеттіліктер тестіндегі» Аналогтар (комбинаторлы қабілеттілік) бөлімінде балалардың бірінші және екінші үзінділер арасында белгілі байланыс нәтижелері бойынша талдаулары келесідей нәтижелерді көрсетті. БТ-да 51 зерттелуші, ЭТ-да 62 зерттелуші қатынасты. Аналогтар (комбинаторлы қабілеттілік) бойынша БТ-да жоғары деңгей – 18, орташа деңгей – 24, төмен деңгей – 12 зерттелуші, пайыздық көрсеткішінде ЖД-35,2%, ОД-47,0%, ТД-23,5% құраса, эксперимент тобында ЖД-24, ОД-26, ТД-15 зерттелушіні көрсетсе, оның пайыздық көрсеткіші ЖД-38,7%, ОД-41,9%, ТД-24,1% құрайды.



Сурет 6. Айқындау экспериментіндегі бақылау және эксперименттік топтар бойынша Р.Амтхауердің «Қызығушылықтар мен қажеттіліктер тестіндегі» «Аналогтар» (комбинаторлы қабілеттілік) бөлімі нәтижелерінің диаграммасы

Айқындаушы эксперимент міндеттерін шешуді жүзеге асыру үшін бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастыру алдағы мақсат, міндеттерін, танымдық белсенділіктің мазмұны мен бағыттарын анықтап берді деуге болады.

Анықтау эксперименті арқылы келесідей тұжырымдар жасаймыз:

- оқушы үшін қызықты және мұғалімнің қызығушылық шеңберіне сәйкес келетін танымдық білімдерді таңдау;
- оқушының мәселенің мәнін жақсы білуі, оны шешудің барлық жолдарын меңгеруі,
- мұғалім мен оқушының өзара жауап беруі мен өзара көмек көрсетуінде білімнің мәнін ашу бойынша жұмыс барысын ұйымдастыру;
- әр түрлі (зияткерлік, коммуникативтік, шығармашылық) салаларда белгісіздерді бірлесіп іздеу арқылы өзін-өзі дамытуды (оқушы да, мұғалім де) өзара ықпалдастыру;
- мәселені ашу бірінші кезекте оқушыға жаңа нәрсені алып келеді, танымдық қабілеті дамиды.

Екінші кезең, қалыптастыру экспериментінде бізге бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттілігін дамытуға арналған «Таным» бағдарламасы өз тиімділігін көрсетті. Бағдарламаға қысқаша сипаттама беріп өтейік.

#### «Таным» бағдарламасы (2 сынып)

«Таным» курсына арналған жұмыс бағдарламасы бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін дамыту бағдарламасы негізінде бастауыш жалпы білім беру стандартының талаптарына сәйкес жасалды.

Бұл курстың бағдарламасы 6 жастан 10 жасқа дейінгі балаларға арналған интеллектуалды дамыту сабақтарының жүйесін ұсынады.

Курс аптасына 1 сабақтан, 2 сыныпта - оқу жылында 34 сабақтан тұрады. "РПС" курсының шартты атауы (танымдық қабілеттерін дамыту)

Бұл жұмыс бағдарламасының жаңалығы 2020-2021 оқу жылындағы жалпы бастауыш білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес құрастырылған. Сондай-ақ барлық сабақтар цифрлық контенттер арқылы дайындалып ұсынылды.

«Таным» бағдарламасының қолданысқа түсуі бізге бірнеше нәтижелерді береді. Олар:

- оқу курсы игерудің жеке, метапәндік және пәндік нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру түрлері орындалады;

- бағдарламаны іске асырудың негізіне құндылық бағдарлары мен тәрбиелік нәтижелер жүзеге асады;

- сабақты ұйымдастырудың құндылық бағдары жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуде деңгейлік бағалауды қамтиды.

- сабақтың мазмұнын жоспарлау кезінде әр тақырып бойынша оқушылардың танымдық іс-әрекетінің түрлері анықталады.

Бұл бағдарламаның мақсаты: оқу сабақтарының жүйесі негізінде оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

- ойлау іс-әрекетінің негізгі әдістерін қалыптастыру үрдісінде ойлауды дамыту: талдау, синтездеу, салыстыру, жалпылау, жіктеу, негізгі нәрсені ажырата білу, дәлелдеу және жоққа шығару, қарапайым қорытынды жасау;

- психикалық танымдық үрдістерін дамыту: есте сақтау, зейін, көру қабілеті, қиялдың әртүрлі түрлері;

- тіл мәдениетін дамыту және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру: өз ойларыңызды нақты және нақты білдіру, ұғымдарға анықтама беру, қорытынды жасау, өз көзқарасыңызды дәлелді түрде дәлелдеу;

- шығармашылық ойлау дағдыларын қалыптастыру және стандартты емес міндеттерді шешу дағдыларын дамыту;

- оқушылардың танымдық белсенділігі мен өзіндік ойлау әрекетін дамыту;

- қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру және дамыту: ұжымда қарым-қатынас жасау және өзара әрекеттесу, жұпта, топта жұмыс істеу, басқалардың пікірін құрметтеу, өз жұмысы мен сыныптастарының қызметін объективті бағалау;

- алған білімдері мен біліктерін мектеп пәндерін оқу үрдісінде және практикалық қызметте қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Осылайша, ұсынылған бағдарламаның негізгі міндеті нақты білім мен дағдыларды игеру емес, танымдық қабілеттер мен жалпы білім беру дағдыларын дамыту болып табылады.

Қалыптастыру экспериментін қорыта келгенде, бастауыш мектеп жасында танымды тәуелсіз дамыту қазіргі мектептің өзекті мәселелерінің бірі деп атауға болады. Оның өзектілігі оқытудың мазмұнына, оқушылардың өз бетінше білім алу әдістерін қалыптастыру, олардың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру міндеттерін белгілеуге байланысты.

Жоғарыдағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар барысында бастауыш сынып оқушысындағы таным – бұл негізінен материалды идеалды рефлексиялық әрекет. Бұл тұста баланың қызығушылығы үлкен рөл атқарады. Ал қызығушылықты дамытуда біз, цифрлық білім контенттері арқылы мүмкіндік беруге болатындығын байқадық. Қызығушылық баланың жаңа, белгісіз нәрсені, белгісіз кеңістікті зерттеуге, жаңа сөздің мағынасын білуге деген ұмтылысымен сипатталады. Білімнің жаңалығы мен әртүрлілігі – баланың танымдық және интеллектуалдық дамуының шарттары бола алатындығын басшылыққа аламыз.

**Қорытынды.** Бізге зерттеулер көрсетіп отырғанындай, бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттіліктерін дамытуда ақпараттық ортаның рөлі жоғары. Олай деуге толықтай негіз бар. Біз, келесідей тұжырымдар жасаймыз:

- жаңа білім алу: оқулықты, өмірлік тәжірибенің және мұғалімнен алынған ақпаратты қолдана отырып, сұрақтарға жауап табу әрекеті;

- алынған ақпаратты қайта өңдеу: бүкіл сыныптың бірлескен жұмысының нәтижесінде қорытынды жасау;

- бастауыш сыныптарда алынған ақпаратты қайта өңдеу: мысалы, математика бойынша сандар, сандық өрнектер, теңдік, теңсіздік, жазық геометриялық фигуралар сияқты математикалық нысандарды салыстыру және топтастыру;

- ақпаратты бір формадан екінші формаға түрлендіру: қарапайым модельдер негізінде әңгімелер мен есептер құрастыру (пәндік, сызбалық, сызбалық суреттер, схемалар);

- қарапайым модельдер (пәндік, суреттер, сызбалық суреттер, схемалар) көмегімен мәселенің шешімін табу және тұжырымдау әрекеттері арқылы танымдық қабілеттіліктің дамуы жолға қойылады.

Осы іріктелген тұжырыдар барысында біз, келесідей әдістемелік ұсыныстарды береміз:

- бастауыш сыныптарға арналған барлық пәндерде берілетін білім мазмұнын толықтыра түсуде «Таным хрестоматиясы» дайындалып, тәжірибеге ендірілсе;

- бастауыш сыныптағы дербес пәндерді оқытуда цифрлық білім беру ресурстары жаппай дайындалып, тиімділігі артса.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттіліктерін цифрлық білім беру арқылы дамытудағы тәжірибелік алаң жұмысын жүргізуде қолдау көрсеткен Алматы қаласы №33 орта мектеп ұжымына алғыс білідіреміз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 28.06.2007 ж., №546 Қаулысы. – Астана: Ақорда, 2007 // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P070000546>. 19.02.2018.

2. Қашықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы (28.08.2020 № 374 қолданысқа енген өзгертулермен) (ҚР нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 10768 болып тіркелген, 2015 жылғы 12 маусымда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

3. Пифагор. Золотой канон. Фигуры эзотерики / под. текста, ком., вступ. статья Л.Шапошникова; поэт. пер. И.Евсы. – М.: Эксмо, 2003. – 448 с.

4. Аверроэс. Опровержение опровержения / пер. под. ред. С.И. Еремеева. – М., 1999. – 345 с.

5. Fejzuldaeva S., Ybyraimzhanov K., Ishanov P., Mailybaeva G., Beisenbaeva A. Vocational training of future elementary school teacher by means realization of inter-subject continuity // Revista de Ciencias Humanas y Sociales Año. – Maracaibo; Venezuela, 2018. – Vol. 34, №85-2. – P. 479-516.

6. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық білім сапасының критерийі: әдіснамасы және ғылыми-теориялық негізі. – Алматы, 2008. – 328 б.

7. Ирғебаева Н.М. Психология: оқулық. – Алматы, 2015. – 525 б.

8. Веракса А.Н. Формы знаковой и символической репрезентации в познавательной деятельности младших школьников // Культурно-историческая психология. 2009. № 1. С.103-111.

9. Улькина Т. К проблеме исследования проявлений и психологического содержания познавательных способностей у детей дошкольного и младшего школьного возраста / Т. Улькина // Психология. Сборник научных трудов НПУ имени М.П. Драгоманова. - Выпуск 11. - К.: НПУ имени М.П. Драгоманова, 2000. – С. 242-247.

10. Таубаева Ш.Т. Педагогиканың философиясы және әдіснамасы: оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 360 б.

11. Мынбаева А.К., Тихомирова В.Т., Вишневская А.В. Развитие интеллектуальных способностей студентов университета как фактор повышения интеллектуального потенциала Казахстана. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 190 с.

12. Лернер И. Я. Критерии уровней познавательной самостоятельности учащихся // Новые исследования в педагогических науках. – М.: Педагогика, 1971. № 4. – С. 35

Reference:

1. *Qazaqstan Respýblikasynyń " Bilim týraly " Zańy. 28.06.2007 j., №546 Qaylysy. – Astana: Aqorda, 2007 // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P070000546> . 19.02.2018.*
2. *Qashyqtan bilim berý tehnologicalary boıynsha oqý prosesin uymdastyryú Erejelerin bekity túraly (28.08.2020 № 374 goldanysqa engizilgen ózgeristerimen) (QR normativtik quqyqtıq aktilderdi memlekettik tilde № 10768 bolyp tirkelgen, 2015 jylgy 12 maýsymda "Adilet" aqparattyq-quqyqtıq júesinde jarialangan).*
3. *Pıfagor. Altyn kanon. Ezoterika figýralary / astynda. mátin, kom., vstýp. L. Shaposhnikovtyń maqalasy; aqyn. per. I. Evsy. - M.: Eksmo, 2003. – 448 b.*
4. *Averroes. Teriske shyǵarý / per.astynda. red. S. I. Eremeeva. – M., 1999. – 345 b.*
5. *Fejzuldaeva S., Ybyraimzhanov K., Ishanov P., Mailybaeva G., Beisenbaeva A. Vocational training of future elementary school teacher by means realization of inter-subject continuity // Revista de Ciencias Humanas y Sociales Año. – Maracaibo; Venezuela, 2018. – Vol. 34, №85-2. - P. 479-516.*
6. *Qudaibergenova K.S. quqyqtıq bilim sapasynyń kriterui: ádistemesi jáne ǵylymi-teorialyq negizi. – Almaty, 2008.-328b.*
7. *Irgebaeva n. M. Psihologia: oqýlyq. - Almaty, 2015. - 525 b.*
8. *Veraksa a.n. bastaýysh synyp oqýshylarynyń tanymdyq is-áreketindegi simvoldyq jáne simvoldyq beineleý formalary // mádeni-tarihi psihologia. 2009. № 1.S. 103-111.*
9. *Ylkina t.mektepke deiingi jáne bastaýysh mektep jasyndaǵy balalardaǵy tanymdyq qabileterdiń kórinisteri men psihologialyq mazmunyn zertteý problemasy / t. Ylkina // Psihologia. M. P. Dragomanov atyndaǵy ǵylymi eńbektter jınaǵy. - 11 shyǵarylym. – K.: M. P. Dragomanov atyndaǵy UPÝ, 2000. – B. 242 - 247;*
10. *Taybaeva Sh.T. Pedagogikanyń filosofiasy jáne ádistemesi: oqýlyq. – Almaty: Qazaq ýniversiteti, 2016. – 360 b.*
11. *Myńbaeva A.K., Tihomirova v. t., Vishnevskaya a. v. Qazaqstannyń ziatkerlik áleyetin arttyryú faktory retinde ýniversitet stýdentteriniń ziatkerlik qabileterin damytyú. – Almaty: Qazaq ýniversiteti, 2015. – 190 b.*
12. *Lerner i. Ia. oqýshylardyń tanymdyq Táýelsizdik deńgeiiniń kriteruleri / / pedagogikalıyq ǵylymdardaǵy jańa zertteýler. – M.: Pedagogika, 1971. № 4. – 35*

УДК 376.33

МРНТИ 14.29.27

<https://doi.org/10.51889/2021-4.1728-5496.35>

М.Э.Усенова<sup>1\*</sup> Н.Б. Жиенбаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті Алматы қ. Қазақстан

## ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЛСЕНДІЛІГІ МЕН СӨЙЛЕУ ДЕҢГЕЙІНІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫН ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа

Бұл мақалада әлеуметтік белсенділіктің есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының ақыл-ой және сөйлеу даму деңгейімен өзара байланысы туралы айтылған. Сонымен қатар, нашар еститін бастауыш мектеп оқушыларының тілдік даму мәселелерін ғылыми-теориялық және практикалық әртүрлі жағдайда зерттеу бойынша материал ұсынылған. Сондай-ақ, есту қабілеті бұзылған бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамыту және сөйлеу тілін дамыту проблемасы қазіргі заманғы бастауыш мектептің күрделі міндеті болып табылатынына баса назар аударылады. Автор естімейтін балалардың әлеуметтік белсенділігін қамтамасыз ету үшін педагогтардың отбасымен тығыз байланысы қажет екендігін көрсетеді. Ата-аналар тәрбие-білім беру